

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ**

**«Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына
Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Мемлекет басшысының 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспары (бұдан әрі - Жалпыұлттық жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауының қағидалары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелінегіздеу жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын жартыжылдық және жыл қорытындылары бойынша (25 қаңтарға және 25 шілдеге) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жалпыұлттық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н. НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда, 2014 жылғы қаңтардың 14-і.

№ 733

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2014 жылғы 14 қаңтардағы
№ 733 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Мемлекет басшысының 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОСПАРЫ

P/c №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Экономиканың жоғары технологиялық салаларын дамыту басымдығымен Индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған бағдарламасының жобасын әзірлеуді аяқтау	Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы	ИЖТМ, ЭБЖМ, ӨДМ, МГМ, АШМ, БҒМ, ҰҒА, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар, ҰБХ, ҰХ, ҰКП* үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешев	2014 жылғы маусым
2.	Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде тау-кен өндіру секторының салаларын дамыту жоспарларын қабылдау, онда мыналар қамтылады: 1) осы көрсетілетін қызметтермен әлемдік нарыққа шығу үшін геологиялық барлауды дамыту; 2) сирек және жерде сирек кездесетін металдарды игеру ауқымын ұлғайту; 3) геологиялық барлауға, қатты пайдалы қазбаларды өндіруге және өңдеуге инвестициялар мен технологиялар тарту үшін жағдай жасау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, БҒМ, ЭБЖМ, Қаржымині, Әділетмині, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, ҰКП* үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешев	2014 жылғы тамыз
3.	Мұнай мен газ өндірудің ықтимал сценарийлері, көмірсутектерді басқарудың, өндірудің және өңдеудің жаңа тәсілдерін айқындау бойынша терең талдау жүргізу және ұсыныстар енгізу	Мемлекет басшысына баяндама	МГМ, ЭБЖМ, Қаржымині, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ үйлестіруші: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С.Н. Ахметов	2014 жылғы қараша
4.	Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі «Агробизнес 2020» <u>бағдарламасын</u> және басқа да стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды түзету, онда мынадай міндеттерді: 1) ауыл шаруашылығында, оның ішінде шөлейт өңірлерде жаңа технологияларды енгізуді; 2) ашық баға белгілеу және инвестицияларды	Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы	АШМ, БҒМ, ЭБЖМ, ӨДМ, ИЖТМ, ДСМ, ТМРА, БҚА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары	2014 жылғы маусым

	<p>тарту қағидаттарында озық технологияларды енгізу, еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі міндеттемелерді көздейтін тиімді жер нарығын құруды;</p> <p>3) агробизнесті жүргізуге, кооперация процесіне, жерді тиімді пайдалануға кедергі келтіретін тосқауылдарды жоюды;</p> <p>4) ауыл шаруашылығы субъектілерінің ұзақ мерзімді қаржыландыру мен өткізу нарықтарына тікелей шығуын қамтамасыз етуді;</p> <p>5) қарыздарды кепілдендірудің және сақтандырудың тиімді жүйесін құруды;</p> <p>6) ауыл шаруашылығында және денсаулық сақтауда ғылыми зерттеулерді өрістетуді, оның ішінде сынақтық ғылыми-инновациялық кластерлер құруды және құрғақшылыққа төзімді гендік-модификацияланған өнімдер мәселесін зерттеуді ескеру</p>		Б.Ә. Сағынтаев	
5.	<p>Венчурлік қаржыландыру, зияткерлік меншікті қорғау, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жөніндегі заңнаманы жетілдіруге бағытталған заң жобаларының топтамасын әзірлеу және Парламентке енгізу</p>	заң жобалары	<p>ИЖТМ, БҒМ, ЭБЖМ, Қаржымині, Әділетмині, «НУ» ДБҰ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, ҰҚП*</p> <p>үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешев</p>	2014 жылғы тамыз
6.	<p>Нақты жаңалықтар ашу мен инновацияларды, технологиялар трансферті мен шетелдік инвестицияларды тартуды ынталандыратын ғылымды қаржыландыру көлемін біртіндеп арттыру жоспарын бекіту</p>	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	<p>БҒМ, ИЖТМ, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар</p> <p>үйлестірушілер: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н. Әбдіқалықова,</p> <p>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешев</p>	2014 жылғы тамыз
7.	Трансұлттық компанияларды қоса алғанда,	Қазақстан Республикасы	ИЖТМ, ӨДМ, ЭБЖМ, Қаржымині, СІМ,	2014 жылғы қыркүйек

	шетелдік инвесторларды Қазақстан Республикасының аумағында жаңа өндірістерді, оның ішінде инжиниринг және сервис орталықтарын құруға тарту үшін жаңа ынталандыруды енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу	Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	МГМ, БҒМ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, ҰКП* үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө.Исекешев	
8.	Технологиялық парктердің аумағында инновациялық жобалардың орналастырылуын ынталандыруды қоса алғанда, олардың жұмысын жандандыру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИЖТМ, БҒМ, КҚМ, МГМ, АШМ, ЭБЖМ, Қаржымині, ҰҒА, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, ҰКП* үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешев	2014 жылғы наурыз
9.	Астана және Алматы қалаларында агломерациялар қалыптастырудың 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді жоспарларын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары	ӨДМ, ЭБЖМ, Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар, Астана, Алматы қалаларының, Ақмола, Алматы және Қарағанды облыстарының әкімдері, ҰБХ, ҰХ, ҰКП* үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б.Ә. Сағынтаев	2014 жылғы желтоқсан
10.	Қазақстан Республикасының көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер енгізу, онда мыналарды: 1) бағдарлама шегін 2030 жылға дейін кеңейтуді; 2) халықаралық сауданы жүзеге асыру кезіндегі кедергілерді алып тастауды; 3) отандық заманауи логистика және дистрибуция орталықтарын дамытуды; 4) автомобиль және теміржол инфрақұрылымын кең ауқымды жаңғыртуды; 5) теңізге шығатын жолдары бар елдерде	Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы	КҚМ, ӨДМ, ИЖТМ, ЭБЖМ, Қаржымині, ПМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, ҰКП* үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б.Ә. Сағынтаев	2014 жылғы қыркүйек

	логистика орталықтарын құруға инвестиция салуды көздеу			
11.	Назарбаев Университетінің қамқорлығымен болашақтың энергиясын және жасыл экономиканы іздеу және жасау жөніндегі озық әлемдік тәжірибені зерделеу мен енгізу орталығын құру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҚОСМ, ИЖТМ, БҒМ, ЭБЖМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «НУ» ДБҰ* үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешев	2014 жылғы тамыз
12.	Мынадай: 1) көлік құралдарын отынның экологиялық таза түрлеріне көшіру жөнінде, оның ішінде электромобильдерді енгізу және тиісті инфрақұрылым құру; 2) ЖЭС қалдықтарын тазартуды ендіру және жаңа технологиялар негізінде өндірісте және тұрмыста электроэнергияны жаппай үнемдеу жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҚОСМ, ИЖТМ, ККМ, МГМ, ӨДМ, ЭБЖМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б.Ә. Сағынтаев	2014 жылғы маусым
13.	Төртінші мұнай өңдеу зауытын орналастыру, инвестициялар көздері мен салу мерзімдері бойынша мәселені түпкілікті шешу	Мемлекет басшысына баяндама	МГМ, ЭБЖМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ үйлестіруші: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С.Н.Ахметов	2014 жылғы наурыз
14.	Атом электр стансасын орналастыру орны және салу мерзімдері бойынша мәселелерді түпкілікті шешу	Мемлекет басшысына баяндама	ИЖТМ, ЭБЖМ, ҚОСМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө.Исекешев	2014 жылғы наурыз
15.	Қазақстан Республикасының аумағында атом электр стансалары үшін ядролық отын өндірісін ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИЖТМ, ЭБЖМ, Әділетмині, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия	2014 жылғы желтоқсан

			және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешев	
16.	Индустриялық-инновациялық дамудың 2015-2019 жылдарға арналған <u>бағдарламасын</u> ескере отырып, «2020 жылға дейінгі бизнестің жол картасы» бағдарламасын жаңарту жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ӨДМ, ИЖТМ, Әділетмині, ЭБЖМ, Қаржымині, БП, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Даму» КДҚ» АҚ, ҰКП* үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б.Ә.Сағынтаев, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө.Исекешев	2014 жылғы маусым
17.	Шағын және орта бизнесті кешенді дамыту және жеке меншік институтын нығайту жөнінде ұсыныстар енгізу, онда мыналарды: 1) бизнесті дамытуға кедергі келтіретін енжар нормалардың күшін жоюды; 2) орта деңгейге көшіру перспективасымен шағын бизнесті мамандандыруды; 3) кәсіпорындардың банкроттығын жеңілдетуді; 4) жұмысын жаңа бастаған кәсіпкерлерге әдістемелік көмектің тиімді тетіктерін қамту	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ӨДМ, Әділетмині, Қаржымині, ИЖТМ, ЭБЖМ, БҚА, БП, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Даму» КДҚ» АҚ, ҰКП* үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б.Ә.Сағынтаев	2014 жылғы маусым
18.	Қажетті бюджет қаражатын бөлуді көздей отырып, 2017 жылға қарай орта білім беру ұйымдарында үш ауысыммен оқытуды және орын жетіспеушілігі проблемасын жою	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, ЭБЖМ, ӨДМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н. Әбдіқалықова	2016 жылғы желтоқсан
19.	Мемлекеттің техникалық және кәсіптік білім беруді кепілдендіру мәселесі жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, ЭБЖМ, Әділетмині, ӨДМ, ТЖМ, Қорғанысмині, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н.Әбдіқалықова	2014 жылғы мамыр
20.	2016 жылға қарай жетекші жоғары оқу орындарын автономияға жоспарлы түрде көшіру үшін жағдайлар жасау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	БҒМ, ЭБЖМ, Қаржымині үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н.	2014 жылғы қыркүйек

			Әбдіқалықова	
21.	Мектепке дейінгі тәрбие беруде және оқытуда заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін әзірлеу, білікті кадрлар даярлау мен сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н. Әбдіқалықова	2014 жылғы желтоқсан
22.	Орта білім беретін мектептерде Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін ескере отырып орта білім беруде білім сапасын арттыруда: мектеп оқушыларының қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеруін; мектеп оқушыларының сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеруін қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, Қорғанысмині, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н. Әбдіқалықова	2014 жылғы желтоқсан, әрі қарай жыл сайын есепті жылдың 25 желтоқсанына
23.	Міндетті медициналық сақтандыруды енгізудің орындылығы туралы мәселені зерделеу және ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ДСМ, ЭБЖМ, ҰБ, Қаржымині, Еңбекмині, ПМ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н. Әбдіқалықова	2014 жылғы шілде
24.	Бастапқы медициналық-санитариялық көмекті басымдықпен дамытуды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ДСМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н. Әбдіқалықова	желтоқсан, жыл сайын
25.	2016 жылғы 1 қаңтардан бастап стипендиялар мөлшерін 25%-ға арттыру	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	БҒМ, ЭБЖМ, ПМ, ТЖМ, Қорғанысмині, ДСМ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н. Әбдіқалықова	2015 жылғы желтоқсан
26.	Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы	МАМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Астана, Алматы, қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары	2014 жылғы қыркүйек

			Г.Н.Әбдіқалықова	
27.	<p>Азаматтық қызметшілер еңбекақысының жаңа үлгісін әзірлеу және оны 2015 жылғы 1 шілдеден бастап енгізу, онда мыналарды:</p> <p>1) әлеуметтік сектор қызметкерлерінің беделін арттыруды;</p> <p>2) қосымша ақылар және үстемеақылар жүйесін реттеуді;</p> <p>3) лауазымдарды бөлу негізінде, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы негізгі персонал қызметкерлеріне - 7%-дан 28%-ға дейін, білім беру саласында - 15%-дан 29%-ға дейін, басқа салаларда - 28%-дан 40%-ға дейін еңбекақыны саралап жоғарылатуды көздеу</p>	<p>Қазақстан Республикасы Заңының жобасы</p> <p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы</p>	<p>Еңбекмині, ЭБЖМ, Қаржымині, БҒМ, ДСМ, АШМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, ҚР Кәсіподақтар федерациясы*</p> <p>үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н.Әбдіқалықова</p>	<p>2014 жылғы қыркүйек</p> <p>2015 жылғы 1-тоқсан</p>
28.	<p>Мүмкіндіктері шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыру және олар үшін қолжетімді инфрақұрылым («кедергісіз аймақ») құру жөнінде ұсыныстар енгізу</p>	<p>Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат</p>	<p>Еңбекмині, ИЖТМ, БҒМ, ДСМ, ӨДМ, СА, ККМ, МАМ, АШМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» партиясы*, ҰКП*, ҮЕҰ*, ҚР Кәсіподақтары федерациясы*</p> <p>үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н. Әбдіқалықова</p>	<p>2014 жылғы шілде</p>
29.	<p>Мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін 2015 жылғы 1 шілдеден бастап 25%-ға жоғарылату</p>	<p>Қазақстан Республикасы Заңының жобасы</p>	<p>Еңбекмині, ЭБЖМ</p> <p>үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н. Әбдіқалықова</p>	<p>2014 жылғы қыркүйек</p>
30.	<p>Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері қызметінің құқықтық негізін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу</p>	<p>Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат</p>	<p>Еңбекмині, МАМ, Әділетмині, ЭБЖМ, БҒМ, ДСМ, ККМ, ПМ, СА, ӨДМ, СДША, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» партиясы*, ҰКП*, ҮЕҰ*</p> <p>үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н. Әбдіқалықова</p>	<p>2014 жылғы қыркүйек</p>
31.	<p>Көмек алушылардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына 2014 -</p>	<p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы</p>	<p>Еңбекмині, АШМ, Әділетмині, ЭБЖМ, ДСМ, Астана, Алматы қалаларының,</p>	<p>2014 жылғы желтоқсан</p>

	2015 жылдары пилоттық режимде, 2016 жылғы 1 шілдеден бастап барлық өңірлер бойынша міндетті қатысуын көздей отырып, шартты әлеуметтік көмекті енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н. Әбдіқалықова	2015 жылғы қыркүйек
32.	Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстарды әзірлеу және енгізу, онда мынадай мәселелерді: 1) халық алдында есеп беруін және нәтижелер үшін жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті атқарушы биліктің дербестігін арттыруды; 2) құжат айналымын қысқарту мен ақпарат легін оңтайландыруды; 3) мемлекеттік кәсіпорындардың, ұлттық компаниялар мен бюджеттік ұйымдардың кадр саясатына меритократия қағидаттарын енгізуді қамту	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	1) тармақша - ЭБЖМ, ӨДМ, Қаржымині, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестірушілер: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б.Ә. Сағынтаев, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Б.Т. Сұлтанов 2) тармақша - ЭБЖМ, ККМ, МАМ, Әділетмині үйлестіруші: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы Е.Ж. Қошанов 3) тармақша - МҚІА, ЭБЖМ, ПМК үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Б.Т. Сұлтанов	2014 жылғы маусым
33.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру мен іске асыруды жалғастыру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЭСЖКА, БП, ҰҚК, МҚІА, ЭБЖМ, Әділетмині, ПМ, мүдделі мемлекеттік органдар үйлестіруші: Президент Көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Қ.П. Қожамжаров	2014 жылғы маусым
34.	«Б» корпусының мемлекеттік қызметшілері еңбекақысының деңгейін 2015 жылғы 1 шілдеден бастап 15%-ға және 2016 жылғы 1 шілдеден бастап 15%-ға жоғарылату	Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы	ЭБЖМ, МҚІА үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Б.Т. Сұлтанов	2014 жылғы желтоқсан
35.	2014 жылы экономика өсімін 6-7% деңгейінде,	Қазақстан Республикасы	ЭБЖМ, ҰБ, орталық мемлекеттік органдар,	2015 жылғы қаңтар

	сондай-ақ халықтың жан басына шаққандағы ІЖӨ-нің 14,5 мың АҚШ долларынан кем болмайтын деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз ету	Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, ҰБХ, ҰХ, ҰК үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Б.Т. Сұлтанов	
36.	Инфляцияны орта мерзімді перспективада 3-4%-ға дейін төмендету жөніндегі шаралар кешенін пысықтау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰБ, ЭБЖМ, Қаржымині, ТМРА, БҚА, АШМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Б.Т. Сұлтанов	2014 жылғы шілде
37.	Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы	ҰБ, ЭБЖМ, Қаржымині, БҚА, Әділетмині, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, ҰКП* үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Б.Т. Сұлтанов	2014 жылғы мамыр
38.	Жекешелендірудің 2014-2016 жылдарға арналған кешенді жоспарын қабылдау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ, Қаржымині, БҚА, мүдделі мемлекеттік органдар, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, ҰБХ, ҰХ, ҰК, ҰКП* үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Б.Т. Сұлтанов	2014 жылғы наурыз
39.	«Мәңгілік Ел» патриоттық актісін қабылдау	құжат жобасы	ПӘ, Үкімет, Қазақстан халқы Ассамблеясы*, «Қазақстан 2050» жалпыұлттық қозғалысы* үйлестіруші: Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Б.А. Майлыбаев	2014 жылғы наурыз

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ПӘ - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

ПМК - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі

ЭСЖКА - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)

МҚИА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

ҰБ - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

ІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

МММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

МГМ - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ҚОСМ - Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі

ӨДМ - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ҰҒА - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі

БҚА - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік)

ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

СДША - Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі

«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ - «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ - «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ - «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы

«НУ» ДБҰ - «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ - «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы

«Даму» ҚДҚ» АҚ - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы

ҰБХ - ұлттық басқарушы холдингтер

ҰХ - ұлттық холдингтер

ҰК - ұлттық компаниялар

ҰКП - Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

ҮЕҰ - үкіметтік емес ұйымдар

* - келісім бойынша